

**Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына берілетін разрядты жүктөрді және  
Өзбекстан Республикасынан Америка Құрама Штаттарына берілетін уран  
концентратын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 10 ақпан

"Кару-жараққа, әскери техникаға және екіудай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңының Z960009\_ 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша:

1) 1998 жылғы 5 қарашадағы N I4/99-НВ келісім-шартқа сәйкес Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына Науай тау-кен-металлургия комбинаты үшін (Науай қаласы) "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы) беретін разрядты жүктөрді 1-қосымшага сәйкес көлемде;

2) 1992 жылғы 10 сәуірдегі уран концентратын сатып алу-сату шарты бойынша "Ньюком Инк" корпорациясы үшін (Стэмфорд қаласы, Коннектикут, АҚШ) Науай тау-кен metallurgia комбинаты (Науай қаласы) беретін уран концентратын 2-қосымшага сәйкес көлемде транзиттеуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі Достастыққа мүше елдердің 1996 жылғы 5 сәуірдегі Теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің он бесінші отырысында бекітілген Темір жолмен қауіпті жүктөрді тасымалдаудың ережелеріне сәйкес жүктің Қазақстан аумағы бойынша өтуіне қауіпсіздіктің ерекше шараларын және оны бақылауды қамтамасыз ете отырып, тасымалдауды жүзеге асырын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті транзиттік тасымалдауларға зандарда белгіленген тәртіппен бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының 1-тармағының 2-тармақшасының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Атом энергиясы жөніндегі агеніттігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 10 ақпандағы  
N 109 қаулысына  
1-қосымша

"Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Ресей) Науан  
тау-кен металлургия комбинаты (Өзбекстан Республикасы)  
үшін беретін разрядтық жүктөрдің көлемі

| N   | Өнімнің атавы              | Өлшем бірлігі | Саны |
|-----|----------------------------|---------------|------|
| 1.  | Гранулотол ГОСТ 25857-83   | тонна         | 3000 |
| 2.  | Д.32 мм патрондағы 6 ЖВ    | тонна         | 70   |
|     | аммонит ГОСТ 21984-76      |               |      |
| 3.  | Аммоал-200 (Д 32 мм)       | тонна         | 70   |
|     | ГОСТ 21984-76              |               |      |
| 4.  | ПВЖ-20 шлангілі зарядтар   | тонна         | 100  |
|     | ТУ 84-668-77               |               |      |
| 5.  | Т-400Г престелген шашкілер | тонна         | 210  |
|     | ГОСТ 84-411-80             |               |      |
| 6.  | ТГ-500 құйылған шашкілер   | тонна         | 105  |
|     | ГОСТ 84-411-80             |               |      |
| 7.  | Тұтінді жарылғыш оқ-дәрі   | тонна         | 18   |
|     | ГОСТ 1028-79               |               |      |
| 8.  | ДБЭ-12 детонаторлайтын бау | мың метр      | 5200 |
|     | ГОСТ 6196-78               |               |      |
| 9.  | ИВШП 143000000 қосқышы     | мың дана      |      |
| 10. | ОБП от өткізгіш бау ГОСТ   | мың метр      | 240  |
|     | 3470-80                    |               |      |
| 11. | ПР-8 пиротехникалық реле   | мың дана      | 75   |
|     | ТУ 84-1137-86              |               |      |

|                                  |          |     |
|----------------------------------|----------|-----|
| 12. ТП-Б тұтандырғыш патрон      | мың дана | 6,6 |
| ТУ 84-206-81                     |          |     |
| 13. ЭТ-ӨБ электрмен тұтандырғыш  | мың дана | 4,5 |
| Ту 84-207-81                     |          |     |
| 14. КД-8С капсюлдер-детонаторлар | мың дана | 75  |
| ГОСТ 6254-85                     |          |     |

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 1999 жылғы 10 ақпандығы  
 № 109 қаулысына  
 2-қосымша

"Ньюком Инк" корпорациясы (АҚШ) үшін Науай тау-кен  
 металлургия комбинатының (Өзбекстан Республикасы)  
 1999 жылы уран концентратын жөнелту кестесі

|   |                |                 |
|---|----------------|-----------------|
| N | Көлемі фунтпен | Көлемі тоннамен |
| 1 | 5 950 000,0    | 2 288,655       |

Оқығандар:  
 Қобдалиева Н.  
 Омарбекова А.